



**Автор:** Тулебаев Алибек Мурзагулович

**Пән:** География

**Сынып:** 8-сынып

**Бөлім:** Гидросфера

**Тақырып:** 8.3.3.4. –Қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде өзендердің гидрологиялық режимін түсіндіреді.

Сабақ нәтижесі:	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты брлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады
Бағалау критерийі	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Тілдік құзіреттілік	Өзендердің гидрологиялық режимі
Ресурстар	Оқулық, жарты шарлар картасы,атлас, , топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.
Пәнаралық байланыс	Математика,Биология.
Алдыңғы білім	Құрлық суларының қалыптасуы мен шаруашылық маңызы.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Басталуы 3 минут (Алдыңғы білім бойынша сұрақтар) (3минут)	А) Психологиялық ахуал қалыптастыру: Көңіл күйлерін сұраймын. Мақсаты: жылылық, сенімділік деңгейін, еркіндікті дамыту. Б)Білім кемесіне отыраp алдындағы алған билеттерін тексеру , талдау жасау .	Оқушылар көңіл күйлерін туралы айтып береді. Үй тапсырмасы бойынша білімдерін көрсетеді
Жаңа білім (10 минут)	Білу және түсіну INSERT немесе түртіп алу әдісі Өзендердің гидрологиялық режимі: • Өзен аңғарының құрылысы • Өзендердің гидрологиялық режимі INSERT немесе түртіп алу стратегиясы – түртіп алу әдісі. Қолдарына қарындаш алып, «v»- білемін, «+» – білмеймін, «-» – мен үшін жаңа білім (ақпарат), «?» – мені таң қалдырды – деген белгілерді қойып отырып мәтіннің мазмұнын түсінеді. Бұл әдіс оқығанын саналы түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс.Оқушылар білгендерін анықтап, білмейтіндерін сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білетіндерімен жаңа материалды байланыстыруға дағдыланады.	Оқулық, мәтіндер.  INSERT немесе Түртіп алу әдісі
Ортасы (10 минут)	Топтық жұмыс. Картамен жұмыс. Өзендердің гидрологиялық режиміне сипаттама беру. Оқушылар мұғалім берген өзеннің гидрологиялық режиміне сипаттама береді.	А)Оқушылар мәтін бойынша алған білімдерін практикалық жолмен бекітеді. Картамен жұмыстанады
Саяхатқа шығу (7минут)	Синтез«Кемемен саяхатқа шығу. Оқушылар берілген өзен бойынша кемемен саяхатқа шығады. Жол бойы көрген қалаларын және өзен режимін климатпен ббайланыстырады.	Б) Өзен бойымен саяхатқа шығады, өзен режимін климатпен байланыстырады /Жаңа тақырып және алдыңғы білім байланысы/

<b>Сабақкезеңдері</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
Аяқталуы Сабақты бекіту Бағалау (3 минут)	Оқушылар өз-өздерін бағалайды	
Кері байланыс (3 минут)	«Бағдаршам әдісі»	Стикерге сабақ туралы өз ойларын жазады